

**Сулыкөл** – Қаратөбе ауданындағы Аққозы ауылынан оңтүстік батысқа қарай 8 км қашықтықта орналасқан көл және елді мекен. Теңіз деңгейінен 20,0 м. Биіктікте. Аум. 6,63 км<sup>2</sup>, ұз. 3,7, ені 2,9 км. Қуаңшылықта құрғап қалады. Қаратөбе ауданы орталығынан оңтүстік батысқа қарай 33 км жерде, Қалдығайты өзенінің оң жағалық жайылмасында көкпек, бетеге, еркекшөп басым өскен, шалғынды – қоңыр, сортаңдау қоңыр топырақты шөлейт белдемде орналасқан.

**Сулыкөл ауылдық округі әкімшілігі** – Қаратөбе ауданының Сулыкөл селолық округіндегі әкімшілік. ҚР-ның «Жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы» Заңының 48 бабына сәйкес Сулыкөл ауылдық әкімшілігі 8 қаңтар 1994 жылы құрылып, әкімі тағайындалған. Негізгі қызметі: Республика Заңдарын, Президенттің Жарлықтарын, Үкімет қаулыларының жергілікті жерлерде орындалуын бақылау, өз территориясындағы тұратын халықтың әлеуметтік – тұрмыстық жөйін қамтамасыз ету, референдум, сайлаулар өткізу. Орталығы- Сулыкөл ауылы. Жер көлемі 902,2 шаршы шақырым аумақты алып жатыр. Тұрғыны 2591 адам (2008). Сулыкөл округі мен оған қарасты Темірбек, Төлен, Үшана ауылдарында 630 отбасы тұрып жатса, қазіргі таңда округтегі 1 учаскелік амбулатория, 3 фелдшерлік – акушерлік пункт, жалпы білім беретін 2 орта, 1 орталау, 1 бастауыш мектептер, 25 орындық бала – ақша, 1 мәдениет үйі, 3 клуб, 4 кітапхана, 37 шаруа қожалығы, 13 жеке кәсіпкер халыққа қызмет етуде. Тұрғындары елді мекенмен автомобиль жолы арқылы қатынасады. Ауылдық әкімшілік басқару енгізілгенге дейін Сулыкөл ауылдық кеңесінің атқару комитеті жұмыс жасаған. Сулыкөл ауылдық кеңесінің іргесі 1920 жылдары Кеңес Өкіметі орнағаннан кейін елді советтендіру кезінде қаланған. 1927 жылғы мәлімет бойынша №9 ауыл – Қалдығайты ауылдық советіне қараған, кейін колхоздастыру жылдары Сулыкөл ауылдық советі болан, оның территориясына Сталинжол, Сәуле колхоздары қараған.

**Сулыколь** – озеро и населенный пункт, расположенный в 8 км к юго-западу от села Аккозы Каратюбинского района. Расположен на высоте 20,0 м. над уровнем моря. Территория 6,63 км<sup>2</sup>. В 33 км к юго – западу от центра Каратюбинского района, в правобережной пойме реки Калдығайты находится акимат Сулыкольского сельского округа Каратюбинского района. В соответствии со статьей 48 Закона РК «О местных представительных и исполнительных органах» Сулыкольская сельская администрация была образована 8 января 1994 года и назначен акимом. Основная деятельность: контроль за исполнением законов Республики, указов президента, постановлений правительства на местах, обеспечение социально – бытовых

условий населения, проживающего на своей территории, проведение референдумов, выборов. Центр - село Сулыкколь. Площадь земли составляет 902,2 квадратных километров. Население 2591 человек (2008). В округе Сулыкколь и прилегающих к нему селах Темирбек, Толен, Ушана проживают 630 семей, в настоящее время в округе есть 1 участковая амбулатория, 3 фельдшерно – акушерских пункта, 2 средних общеобразовательных, 1 неполная средняя школа, 1 начальная школа, 1 Дом Культуры, 3 клуба, 4 библиотеки, 37 крестьянских хозяйств, 13 индивидуальных предпринимателей. До введения сельского административного управления работал исполком.